

1. Жалпы сомасы алты миллиард үш жүз алпыс бір миллион жапон йенасы (Ұ

6361000000) (бұдан әрі - «Қарыз» деп аталатын) болатын қарызды Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Агенттігі (бұдан әрі - «ЖХЫА» деп аталатын) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жапонияның тиісті заңнамалық және нормативтік актілеріне сәйкес ОАӨЭЫ (Жамбыл облысы) көлік дәлізін қайта жаңарту жобасын (бұдан әрі - «Жоба» деп аталатын) орындау мақсатында беретін болады.

2. (1) Қарыз Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЖХЫА арасында жасалатын Қарыз туралы келісімге сәйкес пайдалану үшін қолжетімді болады. Қарыз кезеңі мен шарттары, сондай-ақ оны пайдалану жөніндегі рәсімдер, қол жеткізілген уағдаластық шеңберінде басқаларымен қатар мынадай қағидаттарды қамтитын жоғарыда аталған Қарыз туралы келісімге сәйкес анықталатын болады:

(а) Төлеу мерзімі жеті (7) жыл жеңілдікті кезең аяқталғаннан кейін он сегіз (18) жылды құрайтын болады;

(б) Пайыздық ставка жылдық бір бүтін оннан жетіні (1,7 %) құрайтын болады; және

(с) Қарыз жоғарыда аталған Қарыз туралы келісім күшіне енген күннен кейін тоғыз (9) жылдың ішінде берілетін болады;

(2) Осы тармақтың (1) тармақшасында жоғарыда аталған Қарыз туралы келісім қоршаған ортаны қорғау мәселелерін коса алғанда, Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін ЖХЫА дұрыс деп қарағаннан кейін жасалатын болады;

(3) Осы тармақтың (1)(с) тармақшасында жоғарыда аталған Қарызды беру кезеңі екі Үкіметтің уәкілетті органдарының келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

3. (1) Қарыз қазақстандық Атқарушы Агенттіктің келісімшарттар бойынша қолайлы елдердің өнім берушілері және/немесе мердігерлері алдындағы Жобаны орындау үшін қажетті өнімді және/немесе қызметтерді сатып алуға туындауы мүмкін төлемдерді олардың осы қолайлы елдерде мұндай өнімдер шығарылуы және/немесе қызметтер берілуі шартымен өтеуі үшін қолжетімді болады.

(2) Осы тармақтың (1) тармақшасында жоғарыда аталған қолайлы елдердің тізбесі екі Үкіметтің уәкілетті органдары арасында келісілетін болады.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі 3-тармақтың (1) тармақшасында көрсетілген өнім және/немесе қызметтер қазіргі сәтте Азия Даму Банкі мен ЖХЫА арасында әрекет ететін және басқаларымен қатар, мұндай рәсімдер қолданылмайтын немесе орынсыз болатын жағдайларды қоспағанда, халықаралық конкурстық сауда-саттық бойынша сақталуы тиіс рәсімдерді айқындайтын Азия Даму Банкі мен Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Агенттігі арасындағы АДБ-мен Жедел бірлесіп қаржыландыру схемасын іске асыру үшін Негіздемелік Келісімге сәйкес сатып алынатынына кепілдік береді.

5. Қарыз шеңберінде сатып алынған жүк және теңіз тасымалы мен өнімді сақтандыруға қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі көліктік және теңіз сақтандыру компанияларының арасындағы адал және еркін бәсекеге кедергі келтіруі

мүмкін кез келген шектеулерді салудан тартынады.

6. 3-тармақтың (1) тармақшасында аталған өнімді және/немесе қызметтерді жеткізуге байланысты Қазақстан Республикасында қызметтері талап етілуі мүмкін Жапония бодандарына өз жұмыстарын орындау үшін Қазақстан Республикасына келуі мен онда тұруы үшін қажетті жағдай жасалатын болады.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

(а) ЖХЫА-ны Қазақстан Республикасындағы оған салынатын және/немесе Қарызға байланысты барлық фискалдық төлемдер мен салықтардан, сондай-ақ ол бойынша п а й ы з д а р д а н ;

(б) өнім берушілер және/немесе мердігерлер болып табылатын Жапония компанияларын Қарыз шеңберінде өнім жеткізуден және/немесе қызметтер көрсетуден түсетін кіріске қатысты Қазақстан Республикасында оларға салынатын барлық фискалдық төлемдер мен салықтардан ;

(с) өнім берушілер және/немесе мердігерлер болып табылатын Жапония компанияларын Жобаны орындау үшін қажетті өз материалдары мен жабдықтарының импорты мен реэкспортына қатысты Қазақстан Республикасындағы барлық баждар мен салықтық а л ы м д а р д а н ; ж ә н е

(d) жобаны іске асыруға жұмылдырылған, Жапония азаматтығы бар жұмысшыларды өнім берушілер және/немесе мердігерлер болып табылатын Жапония компаниялары төлейтін төлемдерден алынған жеке кірістеріне қатысты Қазақстан Республикасында оларға салынатын барлық фискалдық төлемдер мен салықтардан б о с а т а д ы .

8 Қазақстан Республикасының Үкіметі мыналарды:

(а) қарыздың тиісті түрде және тек қана Жобаны орындау үшін пайдаланылуын,

(б) Қарыз шеңберіндегі объектілерді салу және осы объектілерді пайдалану кезінде Жобаны орындауға жұмылдырылған адамдар мен Қазақстан Республикасының негізгі халқының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және оны қолдауды; және

(с) Қарыз шеңберінде салынған объектілердің осы Келісімде сипатталған мақсаттар үшін тиімді және тиісті түрде пайдаланылуын және ұсталынуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

9. Қазақстан Республикасының Үкіметі сұрау салуға сәйкес Жапония Үкіметі мен Ж Х Ы А - н ы :

(а) Жобаның орындалу барысы туралы ақпаратпен және деректермен, және

(б) Жоба бойынша басқа да кез келген ақпаратпен қамтамасыз ететін болады

10. Екі Үкімет осы Келісімнен туындауы мүмкін немесе онымен байланысты болуы мүмкін кез келген мәселелер бойынша өзара консультациялар өткізетін болады.

Мен сонымен қатар, осы нота және Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жоғарыда баяндалған уағдаластықты растайтын, Жоғары Мәртебелім, Сіздің жауап нотаңыз Қазақстан Республикасының Үкіметінен осындай Келісімнің күшіне енуі үшін

қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы жазбаша хабарламаны
Жапония Үкіметі алған күні күшіне енетін екі Үкімет арасындағы Келісімді құрауын
ұ с ы н у д ы к ұ р м е т с а н а й м ы н .

Мен осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Жоғары Мәртебелім, Сізге өзімнің зор
ілттипатымды білдіргім келеді.

(Жоба) (Қазақстан Тарабының нотасы)

Жоғары Мәртебелі,

Жоғары Мәртебелім, мен Сіздің мыналар айтылған бүгінгі күнгі нотаңыз
алынғанын растауды құрмет санаймын:

«Мен Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығы мен даму процесін
қолдау мақсатында Жапонияның қарыз беру мәселесі бойынша Жапония Үкіметі мен
Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы таяуда қол жеткізілген төмендегі
Келісімді растауды құрмет санаймын:

1. Жалпы сомасы алты миллиард үш жүз алпыс бір миллион жапон йенасы (¥
6361000000) (бұдан әрі - «Қарыз» деп аталатын) болатын қарызды Жапония
Халықаралық Ынтымақтастық Агенттігі (бұдан әрі - «ЖХЫА» деп аталатын) Қазақстан
Республикасының Үкіметіне Жапонияның тиісті заңнамалық және нормативтік
актілеріне сәйкес ОАӨЭЫ (Жамбыл облысы) көлік дәлізін қайта жаңарту жобасын (бұдан әрі - «Жоба» деп аталатын) орындау мақсатында беретін болады.

2. (1) Қарыз Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЖХЫА арасында жасалатын
Қарыз туралы келісімге сәйкес пайдалану үшін қолжетімді болады. Қарыз кезеңі мен
шарттары, сондай-ақ оны пайдалану жөніндегі рәсімдер, қол жеткізілген уағдаластық
шеңберінде басқаларымен қатар мынадай қағидаттарды қамтитын жоғарыда аталған
Қарыз туралы келісімге сәйкес анықталатын болады:

(а) Төлеу мерзімі жеті (7) жыл жеңілдікті кезең аяқталғаннан кейін он сегіз (18)
ж ы л д ы к ұ р а й т ы н б о л а д ы ;

(б) Пайыздық ставка жылдық бір бүтін оннан жетіні (1,7 %) құрайтын болады; және

(с) Қарыз жоғарыда аталған Қарыз туралы келісім күшіне енген күннен кейін тоғыз
(9) жылдың ішінде берілетін болады;

(2) Осы тармақтың (1) тармақшасында жоғарыда аталған Қарыз туралы келісім
қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қоса алғанда, Жобаның
техникалық-экономикалық негіздемесін ЖХЫА дұрыс деп қарағаннан кейін жасалатын
б о л а д ы ;

(3) Осы тармақтың (1)(с) тармақшасында жоғарыда аталған Қарызды беру кезеңі екі
Үкіметтің уәкілетті органдарының келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

3. (1) Қарыз қазақстандық Атқарушы Агенттіктің келісімшарттар бойынша қолайлы
елдердің өнім берушілері және/немесе мердігерлері алдындағы Жобаны орындау үшін

қажетті өнімді және/немесе қызметтерді сатып алуға туындауы мүмкін төлемдерді олардың осы қолайлы елдерде мұндай өнімдер шығарылуы және/немесе қызметтер берілуі шартымен өтеуі үшін қолжетімді болады.

(2) Осы тармақтың (1) тармақшасында жоғарыда аталған қолайлы елдердің тізбесі екі Үкіметтің уәкілетті органдары арасында келісілетін болады.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі 3-тармақтың (1) тармақшасында көрсетілген өнім және/немесе қызметтер қазіргі сәтте Азия Даму Банкі мен ЖХЫА арасында әрекет ететін және басқаларымен қатар, мұндай рәсімдер қолданылмайтын немесе орынсыз болатын жағдайларды қоспағанда, халықаралық конкурстық сауда-саттық бойынша сақталуы тиіс рәсімдерді айқындайтын Азия Даму Банкі мен Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Агенттігі арасындағы АДБ-мен Жедел бірлесіп қаржыландыру схемасын іске асыру үшін Негіздемелік Келісімге сәйкес сатып алынатынына кепілдік б е р е д і .

5. Қарыз шеңберінде сатып алынған жүк және теңіз тасымалы мен өнімді сақтандыруға қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі көліктік және теңіз сақтандыру компанияларының арасындағы адал және еркін бәсекеге кедергі келтіруі мүмкін кез келген шектеулерді салудан тартынады.

6. 3-тармақтың (1) тармақшасында аталған өнімді және/немесе қызметтерді жеткізуге байланысты Қазақстан Республикасында қызметтері талап етілуі мүмкін Жапония бодандарына өз жұмыстарын орындау үшін Қазақстан Республикасына келуі мен онда тұруы үшін қажетті жағдай жасалатын болады.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

(а) ЖХЫА-ны Қазақстан Республикасындағы оған салынатын және/немесе Қарызға байланысты барлық фискалдық төлемдер мен салықтардан, сондай-ақ ол бойынша п а й ы з д а р д а н ;

(б) өнім берушілер және/немесе мердігерлер болып табылатын Жапония компанияларын Қарыз шеңберінде өнім жеткізуден және/немесе қызметтер көрсетуден түсетін кіріске қатысты Қазақстан Республикасында оларға салынатын барлық фискалдық төлемдер мен салықтардан ;

(с) өнім берушілер және/немесе мердігерлер болып табылатын Жапония компанияларын Жобаны орындау үшін қажетті өз материалдары мен жабдықтарының импорты мен реэкспортына қатысты Қазақстан Республикасындағы барлық баждар мен с а л ы қ т ы қ а л ы м д а р д а н ; ж ә н е

(d) жобаны іске асыруға жұмылдырылған, Жапония азаматтығы бар жұмысшыларды өнім берушілер және/немесе мердігерлер болып табылатын Жапония компаниялары төлейтін төлемдерден алынған жеке кірістеріне қатысты Қазақстан Республикасында оларға салынатын барлық фискалдық төлемдер мен салықтардан б о с а т а д ы .

8. Қазақстан Республикасының Үкіметі мыналарды:

(а) қарыздың тиісті түрде және тек қана Жобаны орындау үшін пайдаланылуын,
(б) Қарыз шеңберіндегі объектілерді салу және осы объектілерді пайдалану кезінде Жобаны орындауға жұмылдырылған адамдар мен Қазақстан Республикасының негізгі халқының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және оны қолдауды; және

(с) Қарыз шеңберінде салынған объектілердің осы Келісімде сипатталған мақсаттар үшін тиімді және тиісті түрде пайдаланылуын және ұсталынуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды

9. Қазақстан Республикасының Үкіметі сұрау салуға сәйкес Жапония Үкіметі мен Ж Х Ы А - н ы :

(а) Жобаның орындалу барысы туралы ақпаратпен және деректермен; және

(б) Жоба бойынша басқа да кез келген ақпаратпен қамтамасыз ететін болады.

10. Екі Үкімет осы Келісімнен туындауы мүмкін немесе онымен байланысты болуы мүмкін кез келген мәселелер бойынша өзара консультациялар өткізетін болады.

Мен сонымен қатар, осы нота және Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жоғарыда баяндалған уағдаластықты растайтын, Жоғары Мәртебелім, Сіздің жауап нотаңыз Қазақстан Республикасының Үкіметінен осындай Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы жазбаша хабарламаны Жапония Үкіметі алған күні күшіне енетін екі Үкімет арасындағы Келісімді құрауын ұсынуды құрмет санаймын.

Мен осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Жоғары Мәртебелім, Сізге өзімнің зор ілтипатымды білдіргім келеді».

Мен сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан аталған уағдаластықты растау және, Жоғары Мәртебелім, Сіздің Нотаңыз бен осы жауап Нота Қазақстан Республикасының Үкіметінен осындай Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы жазбаша хабарламаны Жапония Үкіметі алған күні күшіне енетін екі Үкімет арасындағы Келісімді құрауын растауды құрмет санаймын.

Мен осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Жоғары Мәртебелім, Сізге өзімнің ілтипатымды білдіргім келеді.

(Жоба) (Жапонияның Вербалдық нотасы)

Қазақстан Республикасындағы Жапония Елшілігі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне өзінің құрметін білдіреді және Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығы мен даму процесін қолдау мақсатында Жапонияның қарыз беру мәселесі жөніндегі 2010 жылғы _____ Ноталар алмасудың 3-тармағының (2) тармақшасына сілтеме жасауды құрмет санайды.

Елшілік жоғарыда аталған Ноталар алмасудың көрсетілген тармақшасында аталған қолайлы елдердің тізбесі Азия Даму Банкінің мүшелерінен тұруын ұсынуды құрмет санайды.

(Жоба) (Қазақстан Республикасының Вербалдық нотасы)

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасындағы Жапония Елшілігіне өзінің құрметін білдіреді және Қазақстан Республикасындағы Жапония Елшілігінің 2010 жылғы ____ № __ Вербалдық нотасын алғанын растауды құрмет санайды.

Министрлік те көрсетілген Вербалдық нотада баяндалған ұсыныстың Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін қолайлы екенін Елшілікке хабарлауды құрмет санайды.

(Жоба) Келіссөздер Хаттамасы

Жапония Делегациясы мен Қазақстан Делегациясының өкілдері Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығы мен даму процесін қолдау мақсатында Жапонияның қарыз беру мәселесі жөніндегі 2010 жылғы Ноталар алмасуға (бұдан әрі - «Ноталар алмасу») байланысты мыналарды куәландыруға ниет білдіреді:

1. Ноталар алмасудың 1-тармағында аталған қарызға (бұдан әрі - «Қарыз») қатысты Жапония Делегациясының өкілі Жобаның кедергісіз орындалуын қамтамасыз ету үшін Ноталар алмасудың 1-тармағында аталған жоба (бұдан әрі - «Жоба») шеңберінде Ноталар алмасудың 2-тармағының (1) тармақшасында аталған Қарыз туралы келісім шеңберіндегі Қарыздың сомасынан асатын кез келген қаржылық талаптарды Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті түрде қанағаттандыратын болады деп мәлімдеді.

2. Ноталар алмасудың 8-тармағына қатысты Жапония Делегациясының өкілі:

(а) аталған тармақта сілтеме жасалған қажетті шаралар Қазақстан Республикасында, Ноталар алмасудың 3-тармағының (1) тармақшасында сілтеме жасалған келісімшарттарды беруге немесе бергені үшін көтермелеуді ынталандыру себеп болып табылатын сыбайлас жемқорлық практикасы ретінде қаралатын кез келген ұсынысты, сыйға беруді немесе ақшалай төлемді, сыйақыны немесе пайданы болдырмайтын шараларды қамтиды; және

(б) Қазақстан Республикасының Үкіметі, егер Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Агенттігі (бұдан әрі - «ЖХЫА») осындай аудитті қажет деп санаған жағдайда, сатып алу процесінде әділдік пен бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін жүргізілген сатып алу рәсімдеріне ЖХЫА тағайындайтын және қызметтеріне ақы төлейтін тәуелсіз аудиторлардың аудитін қамтамасыз ету және жүргізу бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайды деп мәлімдеді.

3. Ноталар алмасудың 9-тармағына қатысты Жапония Делегациясының өкілі Жапония Үкіметі:

(a) жоғарыда аталған тармақтың (b) тармақшасында көрсетілген басқа ақпарат Жобамен байланысты сыбайлас жемқорлық практикасы бойынша ақпаратты қамтиды;
ж ә н е

(b) Қазақстан Республикасының Үкіметі мұндай ақпарат пен деректер көздерінің әділдікпен қаралуын қамтамасыз етеді деп түсінетінін мәлімдеді.

4. Қарызға қатысты Жапония Делегациясының өкілі Қарыз Қазақстан Республикасына қатысты Азия Даму Банкімен бірлесіп қаржыландыру ретінде сипатталуы мүмкін екенін мәлімдеді.

5. Қазақстан Делегациясының өкілі өз Делегациясының Жапония Делегациясы жасаған жоғарыда көрсетілген мәлімдемелерге қарсылығы жоқ екендігін мәлімдеді.